

Мұғалжар ауданы Ащысай ауылдық округі Ақсу елді мекенінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ащысай ауылдық округінің әкімінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 1 шілдеде № 3600 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ащысай ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ащысай ауылдық округінің әкімінің 20.05.2014 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2013 жылғы 5 маусымдағы № 1-26/257 ұсынысының негізінде Ащысай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мұғалжар ауданының Ащысай ауылдық округінің Ақсу елді мекенінде сарып ауруы ошағының анықталуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнен туындайтын шараларды алу және шешімнің орындалуын бақылау «Ащысай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы С. Байдильдинге жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ащысай ауылдық округінің әкімі М. Изтурганов